


Шадыман АХМЕТҰЛЫ


КҮН – РӘМІЗ


Автор в статье напоминает о вековой традиции казахского народа поклонения солнцу, восхваления тенгри, сравнивает и объясняет смысл слова «солнце» в древнекитайском, древнетюркском, в современных тюркских языках.

Yazar Kazak halkının geçmişindeki güneşe tapmak, gök tanrılarına saygı göstermek gibi geleneklerini unutmadığını hatırlatarak, Eski Çin, Türk ve şimdiki Türk dillerini karşılaştırarak «güneş» sözünün anlamını açmaya çalışır.

Тәңір

Ежелгі қытайлардың мифология кейішкері Пәнгу (盘古) деген алып әлемді жаратқанда аспан мен жердің қайтадан бірігіп кетуінен сақтану үшін басымен көкті, аяғымен жерді тіреуі жөніндегі әдемі аңыз қытайлардың санасын бірнеше мыңдаған жылдар бойына жаулап келді. Сондықтан да ежелгі қытайлардың үш мың жылдан артық тарихы бар тасбақа сауыты мен  сүйектерге ойып жазылған сауыт-сүйек жазуларында аспан ұғымын білдіретін 天 (тян)

иероглифін үлкен ұғымындағы 大 (да) иероглифі мен “аспанның” немесе “күннің” таңбасын сызу арқылы бейнелейді (сол жақтағы суретке қараңыз) [1], немесе оның ықшам тұлғасын 大 (да) иероглифінің үстіне бір көлденең сызықша сызумен көрнектілендіреді (天). Да иероглифі ежелгі қытай тілінде дәй, тәй болып та оқылады, оның о бастағы мағынасы жай  ғана үлкен ұғымын білдірмеген, қайта ересек адам, ұлық, мәртебелі адам деген мағыналарда жұмсалған. Қазіргі қытай тілінде де осы мағыналармен сабақтас [2]. Да иероглифінің сауыт-сүйек жазуларындағы үлгілері мынадай (оң жақтағы суретке қараңыз):

“Тян” иероглифі мен “да” иероглифінің Қытайды Шаң-Жоу әулеттері билеген тұстарда металдарға ойылған жазулардағы  үлгілеріндегі айырмашылық шамалы, кейде “тян” иероглифі еркектік кескінмен де бейнеленеді (сол жақтағы үш суреттің алдыңғы екеуі – тян, соңғысы – да [3]).

Қазіргі қазақ тілінде “тай” сөзі ірі, үлкен мағынасымен тайлан (ірілен), тайқазан секілді бірен-саран сөзде сақталғаны мәлім.

“Тян” иероглифінің ежелгі қытай ұғымында аспан деген мағынасынан тыс, жаратылыстық дүниенің қожасы, жаратушы, тәңір деген мағыналары да бар. “Патша” сөзінің ескі қытай тілінде көбінесе 天子 (тянзы) деп айтылуы да тәңірдің ұлы, көктің ұлы деген киелі ұғымдармен астасып жатыр. Біздің пікірімізше, осы аталған соңғы мағынасы – оның ең бастапқы мағынасы

болуға тиіс. Демек, әлемнің жаратушысы Пэнгуды алып адам ретінде сипаттаудан жасалған “тян” иероглифі кейінгі дәуірлерде бірге-бірте аспан ұғымына ауысқан. Қытайлар天 иероглифінің ықшам тұлғасын “да” иероглифінің төбесімен көк тіреген алып адам бейнесінде сипаттауы осы мифологияның ұрпақ жадында сақталған жарқын бейнесі. “Тян” иероглифінің ежелгі қытай тіліндегі оқылуы thien (t'ien), ерте орта ғасырдағы оқылуы thien (t'ien), таяу заманғы оқылуы thi:n, қазіргі оқылуы thian, қытайдың кантон диалектісіндегі оқылуы thie,.

Ежелгі шумер тілінде “дингир” (демер) сөзі құдай, аспан [4] деген мағыналарды білдіреді. Түрік-моңғол тілдерінде де “теңір” (tä,ir – төңір, tä,iri – төңірі, тэнгэр – теңгір, тигір) сөзінің де аспан [5] және төңір [6] деген қос мағынасы бар.

Ескі түрікшедегі “теңірі” сөзі тең және ірі деген екі сөзге бөлшектенуі мүмкін. Мұндағы көп мағыналы тең сөзінің аспан деген мағынасы барлығын ескі түрік тіліндегі теңді – аспандады, әуеледі (күш теңді – күс әуеледі, оқ теңді – оқ аспандады), тенек – ауа, теңіргі – аспанға әуелетіп атты, теңтүрді – ұшырды, теңерді – теңгерді, теңленді – бағамданды, пайымданды, теңледі – тең етті, тең қылды тәрізді мысалдардан, қазіргі ұйғыр тіліндегі төңләмек – кезеу, ұсыну етістігінен айқын аңғарамыз. Йұғырлар (сарыұйғырлар) төңір сөзін de,9r, de,er [7] деп те айтады.

Қытай мифологиясындағы Пэнгу (盘古) образы қазақ тіліне де өз әсерін қалдырғанға ұқсайды. “Тіреп тұрған аспаның болса, тастап жібер”

иероглиф	ежелгі оқылуы	ерте орта ғасырдағы оқылуы	таяу заманғы оқылуы	қазіргі оқылуы	сужоу диалектісіндегі оқылуы
盤 (盘)	buan	buan	phuan	phan	bø
古	ka	ku	ku	ku	kəu

деген фразеологиялық сөз тіркесі бізді осы ойға жетелейді.

Иероглифтің қазіргі қытай тіліндегі оқылымы жеткізе алмай тұрған көмескі сырларды ежелгі дыбысталуы ашуы мүмкін (жоғарыдағы кестеге қараңыз). Бұл ескі түрік тіліндегі бенгү (мәңгі), бөгү сөздерін еске салады. Пән (盤) иероглифінің сын есім болған тұстағы мағынасы кең, жалпақ, байтақ, ұлан-байтақ, аса үлкен, алып [8]. Бұл Пэнгу атының түрік тілдеріндегі кеңістік сөзімен қатыстылығын айғақтауы мүмкін.

Ежелгі қытай аңыздарында Пэнгудан тыс тағы бір кейіпкер бар. Оның аты да түрік тілдеріне бек жақын. Пәнху (盘瓠) Гаушиңшының (高辛氏) иті. Аңызда айтылуынша, Патша нұмдардың (戎) У науғылы сеңуінің басын

өкелгенге қызымды берем деп жарлық шашады. Ит (Пәнху) басты алып келеді де, ханшамен үйленеді. Олардан тараған ұрпақ оңтүстік-батыс алапты жайлайды. Мифологиядағы Пәнху итті немесе көк бөріні киетек санаушы тайпаның көсемі болуы керек. “Ху” иероглифінің баспа-бас аудармасы қабақ (асқабақ). Түрік тілдерінде итті “көбек” деп те атайды. Мифология қытай жұртына көбек емес қабақ түрінде жетуіне қабаған (қапаған) сөзінің игі әсері болғанға ұқсайды. Түрік қағанатында Қапаған есімді әйгілі қағанның болғаны жалпақ жұртқа мәлім. Ендеше ықылым замандарда Қытайдың батысы мен теріскейіндегі далалық аймақтарда қоныстанған көпшелі түрік текті ұлыстарда қапаған, қапақ, көбек есімді елбасылар болмаған деуге ешқандай негіз жоқ. Ал “пән” иероглифінің мағынасын жоғарыда атап өткенбіз.



Орыс ғалымы В.В. Радлов қазақтардың, алтайлықтардың салтында киіз үйлерінің шаңырағына дуа мен зиянды бәле-жала, кесір-кесапаттан қорғап, күзететін аяқ-қолын керіп, төбесі көкті тіреген адам кейшіндегі құдайды іліп қоятынын жазады [9]. Түрік мифологияларында төс [10] деп ардақталатын осындай киелі құдайлардың (фетиштердің) бейнесі сол жақтағы суретте кескінделген [11]. Бұл суретте тәңірдің келбеті қытай иероглифіне қарағанда анағұрлым анық кескінделген.

Жақ

Ертедегі көптеген халықтар күн тәңірін шебер садақкер, күн нұрын жебе деп тануға байланысты, жер ана күн нұрынан жүкті болады деп сенген. Түрік аңыздарында дыңдағы арулар көкпен келген сағымнан жүкті болады. Мұндай нанымдар моңғолдарда да болған [12]. Көк сағымның күн тәңірі атқан жебе екендігін Қытайдың Юннән өлкесіндегі Цаңюан (倉源) петроглифінен (оң жақтағы суретке қараңыз) байқайсыз [13]. Қазақта найзағай көк тәңірінің жебесі, көк тәңірі жер бетіндегі жауыздық пен албастыларды жасын атты жай оғымен жазалайды дейтін ұғым бар. Сондықтан да біздің ата-бабаларымыз найзағай патырлағанда көкке қарап мінәжат еткен, жай түскен жерді аса құдіретті деп санаған. Ежелгі қаңғалар [14] жөніндегі қытайша жылнамаларда: “Нажағай түссе қуанады. Әр нажағай түскенде алақайлап аспанға оқ атады. Сосын ол жерді тастап кетіп қалады. Келесі жылы күзде мал тойынғанда, сол жай түскен жерге қайта жиналып, қопқар шалып, әлеңдік жағып, ақинақ суырысады. Кіндік қағанаттағы (Қытайдағы) жын-шайтанды аластағандай бақсы әйел дұға қылады, ойнайды. Атты адамдар жай түскен жерді 100 мәртеге дейін айналып шығады. Әрқайсысы қолдарына тал шыбық алып, оны егеді де, сүтпен суарады” [15] – деген жазба дерек хатталған.



Ату қаруы садақтың қазақ тілінде бірнеше атауы бар: Олар – жақ, жай, жа, адырна. Жай, жа атаулары барлық туыстас түрік тілдес халықтарға ортақ атау [16] болуы да бұл сөздердің қару атауының көне тұлғасы екендігін

көрсетеді. «Түрік сөздігі», «Оғызнаме», «Құтты білік» тәрізді көне түрік жазба мұрағаттарында бұл атау – “йа” түрінде кездеседі, ал саха (якут) тілінде – “саа” [17] делінеді. Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігінде» садақ ұғымындағы “йетен” [18], “оқлұқ” [МҚ 1-131] сөздері бар. Жақ [19] сөзінің “жа” түрінде қолданылатын көне нұсқасы қазақ тіліндегі саржа, бұқаржа сөздерінде сақталған [20].

Ерлік жырларындағы “орайда орай оқ атқан, он екі құлаш жай тартқан” деп суреттелетін жайларды әдеттегі садақ емес, садақтың наржақ



(манжушада selmin, selmin i beri, қытайшада 弩弓, орысшадағы арбалет [21]) делінетін үлкен түрлері деп бағалаған жөн. Осындай кісі бойындай үлкен садақтардың кескіні қазақ даласындағы петроглифтерде (жоғарыдағы суреттерге қараңыз) кездеседі [22]. Мұндай садақтың үлгілері дүниежүзіндегі көптеген халықтарда (оң жақтағы суретке қараңыз) болған [23]. Бұлар жай садақтар емес, қайта күн құдайы (kün te,ri) ретінде марапатталатын күндегі шебер садақкер ұғымының халқымыз жадына орныққан үлгілері.

Шүршіттің уежі тайпасының (wezhi aiman) нимача (nimacha) руында Долун Гыгы (多龙格格) деп аталатын жақ пен оқтың тәңірі бар. Халық әр жылы күзде осы тәңірге тасаттық береді [24]. Міне мұнан шығыс халықтарында жақ пен оққа сыйыну дәстүрінің болғандығын аңғарамыз. Бір қызығарлық жайт, садақ ұғымындағы “йа” сөзінің йұғыр тілінде оқ (стрела), ал оқ сөзінің садақ (лук) болып ауысып айтылуы. Йұғырлар саңырауқұлақты “тәңір оқ” деп атайды, оқ пен садақ деген сөзді “оқ-йа” (oŋq-ja) дейді [25]. Қазіргі ұйғыр, өзбек тілдерінде оқйа (oqja) сөзінің мағынасы – оқ.



Петроглифтердегі садақ үлгілері күн тәңірі, күн деген ұғымдарға ұласуы заңды. Ежелгі түрік руналық жазуларында “жай” сөзі – “йай” деп оқылумен қатар, жуан й дыбысының шартты таңбасы да садақ деген ұғымдағы иероглифпен (D) бейнеленеді. Шумер иероглифінде де мына таңба садақ ұғымын білдіреді (оң жақтағы суретке қараңыз).



Халық ауыз әдебиетінде садақтардың жасалған материалдарына қарай қайың садақ, қарағай садақ, үйеңкі садақ деген түрлері де кезігеді. Сондықтан да қайыңның тозымен қапталған сарғайған түріне байланысты саржа, сар садақ деген атаулар бар дейтін көзқарастар бар.

Қазақ тілінде саржа сөзі екі мағынада: бірінші, сүйекпен әшекейленген әдемі садақ; жақ; екінші, осы садақтың оғы [26].

“Сар” сөзі ұйғыр, өзбек, татар, йұғыр тілдерінде кезкүйрық (老鹰, 苍鹰) мағынасын береді. Моңғолдар “сар” деп ителгіні (花豹) айтады. “Сар”, “саран” сөзінің моңғол тілінде ай деген мағынасымен қатар, төбел, қарауыл деген ауыспалы мағыналары да бар.

Жақтардың да қолданыс орнына қарай бірнеше түрлі атауы болуы әбден мүмкін. Қазақтар саржа, саржақ деп садақ түрлері ішіндегі алысқа атылатын керемет түрін атаған. Мұндай садақтар кезкүйрық тектес биік ұшатын құстарды атуға арналатындықтан, сардақ аталуы бек мүмкін. (Түрік қағаны) Шату (Қытай елшісі) Жаңсун Шыңға: “Мыналарды атып түсір” деп екі оқ берді. Жаңсун Шың садағын оқтай ұмтылып, екі бүркіт таласқан орайда бір оқпен екеуін де атып алды. Балаша мәз болған Шату перзенттеріне және маңындағы дегдарларға мынамен араласып, оның мергендік өнерін үйреніндер деді [27] – деген дерек осы ойымызға арқау болады.

Саржа – саржақ – сардақ – сайдақ – сағдақ – садақ болып ауысу түрік тілдерінің даму заңдылығына үйлеседі.

Кейінірек садақ атауы белге ілген жақтың, қарудың өз атауының орнына да қолданыла бастады. Садақ сөзін халық ауыз әдебиетінде қарудың қабының да, қарудың өзінің де атауы ретінде қолданылуын жиі кездестіреміз [20, 61]. Моңғол тілінде «оқтың қабының аты – саадаг [28] (садақ), ал тува тілінде жебені – садақ (саадак) дейді. Кейбір түрік тілдерінде саадак, сайдақ, sadak сөздері жақтың қабы деген мағынада қолданылады. Орыс тіліндегі саадак [29], сайдак, сагдак, сагайдак атаулары садаққап, жаққап, қорамсақ деген мағынадағы түрік-моңғол тілдерінен ауысқан.

Жақтың ең көне түрін, скифтер, сақтар, сарматтар қолданған үлгісін, қарутану ғылымында шартты түрде “скиф садағы” деп атайды. Ол – кішкентайлау келген, екі басы дөңгелене қайырылған, кері иілген садақ. Формасына қарағанда бірнеше ағаш түрлерінен құралып жасалған болуы керек [20, 53].

Сар түбірінен жасалған түрікше сармақ (Ordu düşmanı sardı – қосын жауды қоршады; Ateş çevreyi sardı – Өрт төңіректі қаптады; İpliği sarınak – жіпті түйю) сөзінде орау, шанду, қоршау, қаптау, түйю деген мағыналар бар. Бұл қазақ тіліндегі сыру етістігімен мәндес [30]. Қазақ тіліндегі сыру сөзінде жиі етіп бастырып тігу, кері сырып тастау, сышырып тастау деген мағыналар бар. Ендеше, біз сардақ деп пайымдаған атаудағы “сар” сөзінің тағы бір көмескі мағынасы – “жақтың иінінің бетіне тарамыс жапсырылып (сүйектен, ағаштан) құралған бөліктері қайыспен буылып, су өтпес үшін майға суарылып, қайыңның тозымен қапталатын” ерекшелігін [20, 53] паш етеді.

Сар желіс – ағыны күшті қатты желіс. Сар жол – ұзақ, қашық жол; үлкен, кең жол (Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы), Тінейдің сар құсы, сар ауру деген тұрақты сөздердегі [31] “сар” сөзінің мағынасы сары

егістігімен қатыссыз. Ендеше, “сар” деп аталатын қыран құстың аты да оның алысқа, аса тегеурінді ұшатын ерекшелігіне байланысты қойылған атау. Сардай ұшқыр жебені және оны ататын жайды саржа, саржақ, садақ атау тілдегі осындай тамырластықтан сыр шертеді.

Жарық

Ортасында ноқаты бар шеңбер (☉) дала көпшелілерінде күн ұғымын білдірген. Осындай таңбаларды қазақ рулары күні бүгінге дейін кастерлепбағалайды. Төмендегі кестеге қараңыз:

дулат	☉ ☉	суан	☉	найман	☉
албан	♀ ♀	арғын	☉ ☉	беріш	☉

Ортасында ноқаты бар шеңбер ежелгі мысырлықтарда “ра” болып оқылып, күн ұғымын берген [32]. Ал қытай иероглифі төмендегідей тұлғалармен жазылған (сол жақтағы суретке қараңыз): Қазіргі қытай тілінде “ры” (日) болып оқылатын иероглифтің ежелгі дыбысталуы – 8I#et, орта ерте ғасырдағы дыбысталуы – ♣I#e#t, ал қазіргі қытай тіліндегі айтылымы – rì, қытай тілінің кыжя диалектісінде 8it, кантон диалектісінде nih болып та дыбысталады. Сондықтан мысырлық “ра” мен қытайлық “ры” дыбысын бір ұядан тараған деуге әлі ерте.

Қытай тіліндегі “ры” иероглифін синологтар “ер мен әйелдің жыныстық қатынасын бейнелейтін шартты таңбадан ауысқан. Ол арт жағынан жанасу деген мағынадағы ни (昵) иероглифімен сарындас. Қазіргі ауызекі тілде жыныстық қатынас жасау дегенді ры (日) деп айтады” [33] – деп қарайды.

Иероглифке мұндай мағынаның үстелуіне аталған иероглиф үлгілерінің ішіндегі көрінісі әйелдік ағзаға ұқсайтын тұлғалар негіз болған. 昵 иероглифінің ежелгі дыбысталуы – vI#et, ерте орта ғасырдағы дыбысталуы – vI#et, қазіргі дыбысталуы – ni, кыжя диалектісінде – 8it. Бұл қазақ тіліндегі нет, нету (жыныстық қатынас жасау) деген сөзбен ұқсас. Жапондар өз мемлекетін Нихон деп атайды да, оны қытайша 日本 (ежелгі дыбысталуы: vI#et ru9n, орта ерте ғасырдағы дыбысталуы: ♣I#e#t ru9n) деген екі иероглифпен таңбалайды. Жапондар қытай иероглифін Таң әулеті тұсында қабылдаған. Осыған орай түрік руна жазуындағы nt, nd болып оқылатын таңбалардың толық аты нат, нет деп пайымдаймыз [34].

Ежелгі Мысыр мен Қытайдың бейнелі жазуларындағы күн таңбасы (☉) [35] мен ежелгі түріктердің руналық жазуларындағы таңбалар, Ұлы жүздегі

дулат, албан, суан, Орта жүздегі арғын, найман, Кіші жүздегі беріш тайпаларының ру таңбасының күнмен сәйкесіп отыруы күн таңбасының көптеген халықтарға ортақ киелі ұғым екендігін сипаттайды.

Ежелгі қытай тіліндегі *vi#et* деген сөзді *нер* (нар) деп те оқуға мүмкіндік бар. Ал “нар” сөзінің моңғолша мағынасы күн, жарық. Оның қазақ тіліндегі жарқын үлгісі “нарт қызыл”, “нарттай” тәрізді сөздермен көрініс табады. Ежелгі түрік тілінде күнес (күнеп) деп аталып күнге деген мағынаны білдіретін жер атының Шыңғыс қағанның алапат жорығынан соң, моңғол тіліндегі “нарат” (күнге) деген сөзге орын ығыстыруы да осыдан. Түрік тілдерінде сөз басындағы *n*-ның *й*, немесе *ж* дыбысына ауысуы заңды. Мысалы, *йағмүр* – *йамғүр* – *жаңбыр* – *наңмыр* (намдур, нанмур) [36]. Хакас тілінде *наа* – *жаңа* (*наа* товар – *жаңа* тауар, *нап-наа* – *жап-жаңа*, *жаңа* ғана, *наа* палық – *жас* балық, *наа* пала – *жас* келін, *наа* ай – *жаңа* ай), *наала* – *жаңала* (тонымны *наалап* тіктім – тонымды *жаңалап* тіктім), *наах* – *жақ*, ұрт (*наах* сөбігі – *жақ* сүйегі, *ізіг* *наағы* – есіктің *жақтауы*, *козенок* *наағы* – *терезенің* *жақтауы*, *мылтых* *наағы* – *мылтықтың* *дүмі*), *ниміс* – *дән*, *түйір*, *жем*, *кеп*, *нінь* – *жең* (*узун* *нінь* – *ұзын* *жең*, *ніске* – *жіңішке*, *жұқа*, диалектілерде *тішке*, *нүнъ* – *мамық*, *түбіт*, *нымах* – *ертегі* (*алыптых* *нымах* – *батырлар* *ертегісі*, *тапчанъ* *нымах* – *жұмбақ*), *нымырха* – *жұмыртқа* [37]. Осыған негізделгенде *n*-ның *й*-ға ауысуын Алтай тілдеріне тән құбылыс деуге болады. Сондықтан да моңғолша “нар” сөзін қазақ тіліндегі “жарық” сөзінің баламасы ретінде танып, “жар” сөзін күн ұғымына телуге мүмкіндік аламыз. “Жас” сөзінің моңғол тілінде *нас*, “жай” (сыр, сыралғы) сөзінің *най*, *ноён* – *жоян* (төре), *нудрага* – *жұдырық* [38] болып айтылуы да осы ойымызды растайды. *Навч* – *жашырақ* (*модны* *ногоон* *навч* – *ағаштың* *жасыл* *жашырағы*, *навч* *цэцэг* – *гүл* *бәйшешек*). *Навс* – *жамылғы* сөздерінде де *n* мен *ж*-ның ауысуы мен мұндалап тұр.

Қазақ тіліндегі *жарық*, *жарқын* деген сөздер орыс тілінде *яркий* (*яркий* *огонь* – *жарық* *от*, *яркий* *талант* – *нағыз* *талант*) делінеді, бұл сөздің түбірі “*яр*”. Этимологтар оны үнді-еуропа тілдеріндегі жыл деген мағынадағы *јаг* (*байырғы* *неміс*), *аг* (*байырғы* *скандинав*), *уеаг* (*ағылшын*), *уаге* («*Авеста*») сөздерінен іздейді. Чех, словак және поляк тілдерінде көктем сөзі *јаго*, *јаг*, *јагз* делінеді [39]. Біздің тілімізде *жаз* сөзінің *жай* және *жаз* деген екі үлгісі бар. *Жайшылықта* *алты* *ай* *жаз*, *алты* *ай* *қыс* деп айтылатындықтан, *жаз* сөзі көктемді де қамтиды. Бұл славян тілдеріндегі “*яр*” түбірінің түрік тілдерімен қатыстылығын тағы бір қырынан дәлелдейді. Ендеше, аталған (*яркий*) славян сөзінің төркінін жыл ұғымындағы еуропалық тілдермен қатысты деп қарастыру түркізмнен ат тонын ала қашудан болған. Жоғарыда көрсетілген еуропалық “*йар*” сөздері де түріктік “*йар*” сөзімен қатысы болуы әбден мүмкін. Алайда мұндағы басты айырмашылық бірінде жыл, екіншісінде *жарық* ұғымының басымдығында. Әрине, жыл басын қазіргі григориандық жыл есебімен 22 наурыздан бастайтын түрік-иран халықтары үшін көктем

сөзінің жыл басы саналуы табиғи. Мұнан тыс, ескі түрікшедегі “Jašiq teg jaruüil – күндей жарық, jašiq baš kötürdi jüz ašti jaruü – күн бас көтерді жүзі ашты жарық [ДТС 246] деген сөйлемдердегі jašiq (йашық) сөзі күн.

Түбін қуғанда жарық сөзінің түбірі йа (жа) болуға тиісті. Одан ескі қышпақ тілінде йай (жаз маусымы, жазғытұрым, көктемнің соңы) [40], йайчы (жайшы – желбіші, садақшы) деген сөздер [41], жалшы түріктік йаз (жаз), йар (жар), жақ (садақ) сөздері жасалған. Майя тіліндегі “jaš kin” (яшь к’ин) сөзін бірінші ай (жас күн) деп баламалауға болады. Бұл атау бірсыпыра түрік тілдерінде йаш кин – йаш күн – күн йаш – күнеш (гүнеш, күнес) [42] болып ауысқан. Қазақтардағы жар-жар деп айтылатын әннің о бастағы шығу тегі күнге мадақ жыры болуы мүмкін. Жадышы, жайшы (Аспаннан түскен сиқырлы тас “жадының” көмегімен жау әскері үстіне қар, нөсер жауын жаудырып, найзағай түсіретін адамдар. Кейіннен бұл сөздің әскер ісімен байланыстылығы ұмытылып, сиқырлық өнерінің атауына айналған [43]); сиқыршы (жауды сиқырлап тұтқынға түсіретін адамдар). Жайшы – сиқыршы, күн жайлатушы, жадашы, желбіші. Аталған сөздердің бәрі де жай сөзімен түбірлес.

Түрік тілдерінде “йар” сөзінің тағы бір мағынасы “жар”. Ол да орыс тіліне “яр” (мағынасы: тік құлама жаға, терең, сай, жыра) болып ауысқан. Бұл оның биік ұғымын білдіретіндігін тағы бір қырынан сипаттайды. Ендеше, ата түрік тілінде йар мен йер қарсы мағыналас сөздер саналады. Бірі – биік, және бірі – аласа.

Түрік тілдерінде й-ж-д-ч болып ауысу заңды. Сондықтан түрік диалектілерінде йа – жа – да – ча; йай – жай – дай – чай; йақ – жақ – дақ – чақ болып ауысып айтылуын теріске шығармаймыз. Шумер иероглифіндегі жақтың шартты таңбасының түрік руна жазуында D, ал латын жазуларында D болып жазылуы осыны растайды. Бұл екеуі де шумер иероглифіне негіздес жасалғанымен, түрік руна жазуындағы D таңбаны йа (жа) сөзінің иероглифі деуге болады. Сондықтан ол соңғы латынша таңбаның D-ның жасалуына негіз қалағаны мәнмұндалап тұр. Латын алфавитіндегі жол әрішпен жазылатын d әрпі де түрік руна жазуындағы жіңішке буындарда жазылатын таңбасының теріс бағытпен жазылған көрінісіне ұқсауы да осыдан.

Жай сөзінің еуропалық тұлғалары day – күн (ағылшын), dag (неміс). Орысша дай-бог, даждь-бог, даждь-бог деп аталатын күн құдайының есімі ескі орыс тілінде ей-бог деп те айтылады. Бұл йай – күн сөзін еске салады [44]. Қызығарлығы бог сөзін орыстың этимологтары иран-скиф тілдеріндегі баға сөзімен қатысты деп есептейді [45]. Ерте орта ғасырлық Қытай деректерінде түрік билеушілерінің лауазымы ретінде баға сөзі жиі-жиі айтылады. Мысалы, Баға қаған, Баға тарқан. Кей ғалымдар баға сөзін санскритшедегі маха (патша) сөзімен қатысты қарастырады. Біздіңше, бұл атау ескі түрікшедегі төңірия дінінің басшысы деген мағынадағы бөг немесе бөгү (Боғда) сөздерімен қатысты. Бір қызықты жәйт, Америкадағы сиу үндістерінің

тілінде “baha” сөзі [46] қарт адам деген мағынада жұмсалып, түрік тілдеріндегі “баба”, “бабай” сөздерімен үндесім табады екен.

Шамандық түсінік бойынша «Жайық» қайырымды құдай Улыген мен адамдар арасында байланыс жасайтын, зұлым күш Жезтырнақ пен Эрлік ханға қарсы тұратын қайырымды рух ретінде қызмет атқарған. Ол жайындағы нанымдар Алтай халықтарында сақталған [47]. Алтайлықтар Жайықты «Дьайык» деп атайды. Түрік нанымындағы Дьайык пен орыс халқының дай-бог деп аталатын тәңір – Еуразия даласындағы халықтарға әлмисақтан бері кеңінен мәлім болған тәңірлер.

Ескі түрік тіліндегі йа (жақ) сөзінің орысша баспа-бас аудармасы – “лук” сөзі. Йа құрғұчы – лучник, йа құр – натягивать лук [ДТС 221]. Қазіргі қазақ тілінде Мерген деп аталатын шоқ жұлдыздың ескі түрікшедегі атауы Йа (садақ) [ДТС 221]. Түрік тілдеріндегі йақшы сөзі, сірә, жақшы, садақшы сөзімен қатысты жасалған. Байырғы ғұндар жөнінде Қытай жылнамаларында: “Азаматтары дәмді-күжырды, кәрі-құртаңдары олардан қалған-құтқандарды жейді. Мықты азаматтарды әспеттейді, әлжуаз кәрілерді сыйламайды” [48] деген дерек хатталған. Демек, садақ асынып, жауға шабатын жігіттер жақшы – садақшы аталады. Бұл атаудың жақшы ұғымынан бірте-бірте жақсы ұғымына көшуі заңды. Орыс тіліндегі “лук” сөзінен лучник – садақшы, лучший (жақсы), лучшее (жақсырақ) сөздерінің туындауы осы пікірімізді растайды. Орыс тілінде луч – сәуле, күн сәулесі. Ұйғыр, өзбек тілдерінде оқя – жебе (яғни оқ пен я), йұғыр тілінде оқ-йа (садақ пен оқ). Жалпы түрік тілдерінде йарұқ – йарық – жарық – йорұқ – сәуле немесе жарық.

Күн сәулесі дегеніміз ежелгі халықтардың балаң санасында күн тәңірінің атқан оғы яғни йа – р – оқ сөзінің кірігуінен жасалған (мұндағы екі дауыссыз дыбыстың арасы “сына” дауыссыз “-р”-мен жалғанып тұрғанға ұқсайды. Салыстырыңыз: орға ғасырдағы түрік тілінде – іккірер (екеуден), алтырар (алтыдан), ұйғыр тілінде – тохорұм (тауығым), дүнияры (дүниесі) [49]. Йарұқ сөзінің екі мағынасы бар: біріншісі – кесілген, екіншісі – шұғыла. Қазіргі қазақ тілінде де “жарық” сөзінің кесілген, жарылған деген мағынасымен қатар сәуле, шұғыла деген мағыналары бар. Ұйғырлар мұны йарұқ (jaruq) және йорұқ (joruc) деп айырмалайды. Татарлар “жебе” сөзін оқяр (oqjar) дейді.

“Яроқ” пен “оқяр” сөзіндегі екі түбірдің өзара орын ауысуы әсте кездейсоқ құбылыс емес. Мұндай тілдік фактілерден бірсыпыра мысалдар көрсетуге болады. Ақсақал – сақалы ақ, мойнах – мойны ах (мойнақ – ақ мойнақ), бациел – елбасы.

Шеңбер

Ұлы далада көпшенді мал шаруашылығымен шұғылданған ата-бабаларымыздың санасында аспан әлемі шексіз де шетсіз алыш күмбез есептелгені ақиқат. Өйткені жазық дала тек көкжиекпен шеңбер тәрізді шектелген. Сондықтан да көпшелілердің тұрағы дөңгелек. Ал орманды

жердегі тұрғындар ағаштардың арасынан аспанды төртбұрышты бітімде көреді, олардың үйлері де төрт қабырғалы [50].

Аспан шырағы деген ұғымдағы түрікше “күн” [51] сөзінің этимологиясы белгісіз. Оның күнес [52, 2-186], күнеш, гүнеш, құяш, қояш, гүн деген тұлғалары да бар. Еуропалық тілдердегі күн сөзі солше (орыс), сонце (украин), слънце (болгар), сунце (хорват), sonce (словен), slunce (чех), slonca (поляк), saulé (литван), saule (латыш, байырғы прус), sunna (байырғы неміс), sonne (қазіргі неміс), sunne (англо-сакс), sun (қазіргі ағылшын) болып айтылады. Этимологтар бұлардың түбірін латын тіліндегі sōl сөзінен іздейді [45]. Бұлардың түрік тілдеріндегі күн сөзімен байланысын Олжас Сүлейменов: k-n>s-n>s-l>s-r [53] деп көрсетеді. Бұл біздің тіліміздегі сәуле сөзін еске салады. Майя тілінде к’ун [54] сөзінің мағынасы күн. Манжу тілінде күн сөзі шүн (shun, ſun, бун [55]) делінеді. Йұғырлар күн сөзін кун, күн, хон деп үш түрлі айтады. Соңғысы күндіз және қону деген мағыналарды мегзейді. Йұғыр тілінде кү түбірінен күз (көз және күз), күк (көк, бөрі) сөздері жасалған. Жалпы түріктік көр (көру, көрмек) етістігінің түбірі көр сөзі йұғыршада күр және көр деген екі тұлғада кездеседі. Йұғыр тіліне моңғолшадан ауысқан діни пәнесім күрел сөзін орыс ғалымдары свет (жарық), блеск (жарқыл), сияние (нұр шапу, шұғыла); подсвечник (шамдал) деп аударған [56]. Бұл “күн” сөзінің “көру”, “көк” сөздерімен белгілі байланысқа ие екендігін сипаттаумен бірге, “кү” (кө) етістігімен де қатыстылығын сипаттайды. Йұғыр тілінде кур - семіз (кур Гоф - семіз қой), ал ескі түрікшеде күр (гүр) – батыл, ержүрек. Қазақ даласында өмірге келіп, Иран жұртында өркен жайған зараштура (зороастризм) дінінде қасиетті отты “күр” деп атаған. Моңғол тілінде дөңгелек, доңғалақ, тегершік сөздері – хүрд, қола – хүрэл, жиек, айнала, дуал, қоршау сөздері – хүрээ, дөңгелек балық – хүрээ, жиектеу, дөңгелектеу немесе топтану, қоршау сөздері – хүрээлэх, отырықтану, қоныстану сөздері – хүрээших, ал манжу тілінде kuuwaraп сөзінің қоршау (biyai kuuwaraп – ай қоралану), аула, ғибадатхана, казарма (kuuwarapaп da – қосын қолбасшысы); kureп сөзінің қосын, қонақүй, орган, күрен деген мағыналары бар. Тілімізге моңғол тілінен ауысқан күре (ғибадатхана), күрен сөздерінде де дөңгелене қоныстану деген мағынасы басым. Моңғол тілінде ұл бала хүү (кү), қыз бала хүүхэн (күкін) делінеді. Қазақ тілінде баланы айналайын, күнім, көкем деп еркелетуден де біз осы “хүү” түбірін табамыз. Байырғы түрік тілінде қуғуап (көптеген түрік тілдерінде қорған болып айтылғанымен, тува тілінде кегем [16, 217] болып айтылады. Махмұт Қашқари жоғарғы шын мен төменгі шындықтардың тілінде “жергөле”, “жеркепе” сөздерінің керем [МҚ 1-457] болып айтылатындығын жазған. «Алшамыс» жырындағы “Белгілі осы Байсын жерім болсын, жарқырап жалғыз ұлым керім болсын” – дегендегі керім де дуал, қорған мағынасында жұмсалған [57]), қазіргі қазақ тіліндегі қора, татар тіліндегі құра, моңғол тіліндегі күре, күрен сөздерінің ілкі түбірі күр (күр)

сөзі болмас па екен деген ойға тұрақтаймыз. Түрікше қора, құра сөздерінің түбірі құр (күру, тұрғызу, құрған – қорған – қамал, құрылыс, құрама, құрам, құрым). Йұғыршада қору, қорғау етістігі қор (qor) түрінде айтылады (ojnə qor – мекенді қорға. Менə, dzannə qor! – менің жанымды қорға!). Демек, қорған, қора, қоршау сөздері қор (қорғау, қору) етістігінен жасалған.

Орыс тілінде круг – ① дөңгелек, шеңбер ② ая, өріс, ара ③ (груша людей) топ, круглый – дөңгелек, кружить – пыр айналдыру деген сөздер бар. Круг [58] сөзі славян тілдерінің көбінде кездеседі. Этимологтар бұларға төркіндес байырғы исланд тілінде hringr (қазіргі исланд тіліндегі hringur, дад, норвег, швед тілдерінде ring) – “круг”, “кольцо” (дөңгелек, сақина, пығыршық); байырғы неміс, англо-сакс тіліндегі hring (қазіргі неміс, ағылшын тілдерінде ring – сақина) сөздерінің ілкі түбірін ger (с непонятным колебанием начальных gr-: kr-) деп есептейді [45, 1-447]. Бұл туваша “керем” (қорған) сөзін еске салады. Моңғолдар киіз үйді гэр (гэргий – зайып, жар, қосақ, әйел; гэрэл – жарық, сәуле, нұр), жыраулар жырындағы “арғымақ ару атлар сескенсе, ақтігердің қарсы алдына жусарма (Жиембет жырау)” – дегендегі ақтігеріміз ақ үй, оның ақ дегер деген тұлғасы да бар [59]. Ескі түрікшеде шатырдың керегү [МҚ 1-506] болып айтылуы, қазақ тілінде киіз үйдің бір сүйегінің кереге атануы да осы пайымды растайды. Йұғырлар пыны-аяқты кер (гер, керə, кейрі, гейры) деп атайды. Біздіңше, бұлардың ілкі түбірі түрік-моңғол тілдеріне ортақ “кү” (ке) болуы мүмкін. Майя тілінде рух сөзі “ку” [54] болып айтылады.

Күн сөзінің әу бастағы мағынасы шеңбер, дөңгелек ұғымындағы “кү” сөзінен шығуы мүмкін. Сағайлардың төңір сөзін тегір деп айтуы да үлкен сырдың бетін ашуға жетелейді. Біздің тілімізде “тегершік” сөзі, Махмұт Қашқаридың сөздігінде және йұғыр тілінде “тегірме” (teH9m9) сөзі дөңгелек мағынасында қолданылады. “Ақ тігер” сөзіндегі тігерді және тегірменді (диірмен, тиірмен) міне осы тұрғыдан түсінген жөн. “Арба” сөзінің тұлғалары телега (ноғайша, орысша); теліга (украинша); талига (болгарша); тальиге (хорватша); taliga (чехша, словакша); taliga (мажарша); talika (түрікше); телеген (қарақалшақша); тэлиэнэ (сахаша); тэрэг (тэргэн, telegen, terege) (қалқа моңғолшасы); тэргэ (бурят моңғолшасы) [52, 2-232], terHen (йұғырша). Мұнда, сірə, арба дегенде оның ең негіздік бөлшегі биік доңғалақтар көзде ұсталуы мүмкін. Махмұт Қашқари нәрсеңнің жиегі, төңірегі дегенді “тегрек” деп көрсетеді. Қытай жылнамаларында Телек (тегрек) деген этноним кезігеді [60]. Манжуша “шүн” мен еуропа тілдеріндегі “сүн” сөзінің ұқсастығы ешқашанда кездейсоқ құбылыс емес. С мен ш-ның өзара ауысуы түрік-моңғол тілдеріне ғана емес, қытай тіліне де ортақ қасиет. Ендеше, еуропалық сөздер де бұдан қағыс қалмайды.

Қазақ тіліндегі алашық (лашық), алау, алай, аламан, алап деген сөздердің ілкі түбірі ала болуға тиіс. Ал оның алқа [61], алқа қотан отыру, алақайлау тәрізді сөздермен қатыстылығы жөнінде этимологиялық

сөздіктерден дерек ташпаймыз.

Түбін қуғанда бұлар да шеңбер деген сөздің аясынан әрі аспайды. Лашық сөзін Шоқан Уәлиханов алашық деп жазады, бұл сөз «Кодекс куманикуста» алашүк, Махмұт Қашқарида алашү (баспана, кеше) түрінде [МҚ 1-66] айтылатыны мәлім. Бұл атау әзірбайжан тілінде алачығ, хакас тілінде алачых [62] түрінде айтылады. Этимологтар аламан, алаш сөздерінің төркінін чуваш тіліндегі қол мағынасын білдіретін “ала” сөзінен іздейді [63]. Түрік тілдерінде “қолдың” – әскер деген мағынасы бар. Сондықтан “аламан”, “алаш” сөздері жөніндегі жоғарыда айтылған пайымдар қисыңды сезілері хақ.

“Ал” сөзі моңғолшада ал улаан – ал қызыл, адамның бұты, дамбалдың ауы деген мағынасынан тыс, ауызекі тілде еркектің ағзасы деген мағынасы да бар. Моңғолшада Алаан – қырылыс, қырқыс, атыс, алаач – Аңшы, Өөлтіргіш, қырғыш (осы екінші мағынасында алағч болып та айтылады), Ала (шұбар мағынасындағы) сөзінің моңғолша тұлғасы алағ [64]. Қазақшадағы “ала” сөзінің алағ сөзінен қысқарғандығын “көзі алақтау”, “алақ-жұлақ” сөздерінен байқау қиын емес. Манжу тілінде алаан ①сауыттың иығы (铠甲的前肩), ② қайыңтоз (桦树皮). Аталған моңғол-манжу сөздерінен шығатын қорытынды: қазақ тіліндегі алай, алаш, моңғолшадағы алаач сөздері қалайда манжу тіліндегі қайыңтоз деген мағынадағы алаан сөзінен жасалуы бек мүмкін. Қытай жылнамаларында алайонтлылардың целет, қалаш [65] деп аталатын руларының “шаштарын қырқыш, бастарына қайыңтоздан қалшақ киетіндігі” [66] айтылған. Ал манжуша алаан сөзінің бірінші мағынада сауыттың иығы (көбе сауыттардың кейде арқа, кеуде, екі иық тұстарында болат тақталармен күшейтілген үлгілері [20, 105] болғаны тәрізді) деп көрсетілгеніндей, сірә, байырғы шүршіт жауынгерлерінде иықты қайыңтозбен қорғау тәсілі болған болуы мүмкін. Осылайша қайыңтозбен оранған жарақты жауынгер екінші бір тілге аңшы, тонаушы ұғымдарында көшуі, осыдан алаш, алай (армия), алаан сөздері туындауы мүмкін. Қалайда манжуша “алаан” сөзінің де бастапқы мағынасы қайыңтоз, яғни орау, қаштау мағынасымен үндес. Махмұт Қашқаридың көрсетуінше, арғұлар сөз ортасында, не соңында келген ى әршін ۈ әршіне алмастырады. Мысалы, түріктер қойды قوی (қой) десе, арғұлар قون (қон) дейді [67]. Алаан сөзінің алайға ауысуын қытан этнонимінің қытайға ауысуы, чыған сөзінің чығайға ауысуы тәрізді деп бағалаған жөн.

Адам баласының балаң санасында от – күн тәңірінің жердегі бейнесі. Отты қоршай билеу де күн тәңіріне мадақ саналады. Осыған орай “алау” сөзін “ал” (ал қызыл) сөзімен қатысты жасалған деп шамалайтындар бар. Біздіңше, ол да жаугер жорықтарға байланысты әскери терминдер қатарында қарастырылуы керек. Ерте дәуірлерде-ақ соғыс хабары тұрларға (қарғұларға) от тұтату тәрізді тәсілдер арқылы хабарланатын. Қытай тіліндегі

жаугершілікке қатысты суық хабарлар “十万火急” деген атаумен айтылуы да осыдан.

Жарақ

Түрік тілдерінде б-мен м-ның ауысуы заңды (бен – мен, бұз – мұз, мічік – бічік – бітік, молат – болат, мырс – бұрыш, моршых – порсых - борсык). Манжұшада садақ – begi немесе b9r делінеді. Бұл тіліміздегі мірдің оғындай, мірдей деген сөздерді еріксіз еске салады. Мерген [68] (мэргэн) сөзінің моңғолшада дана, құмалақшы, балгер деген мағыналары да бар. Оның көпше тұлғасы мэргэд (даналар, кемеңгерлер, данагөйлер). Mergen манжұшада дана, іскер, мерген мағыналарын білдіреді. Меркіттер қазақтың Орта жүзіндегі тайпаның атауы. Сірә, “мерген” сөзінің түбірі манжұша “b9r” (begi) сөзімен төркіндес. Түрік тілдеріндегі “йақ” пен манжу-моңғол тілдеріндегі “b9r” сөзінің қатысуымен жасалған “йақшы”, “мерген” сөздерінің алғашқы мағынасы садақкер, ал оның ауыспалы мағыналары дана, ақылгөй, жақсы деп пайымдауға болады. Моңғолтанушылар бұл сөзді ескі түрік тілінен моңғолшаға енген, бастапқы мағынасы балгер (善卜者) деп есептейді [69]. Манжұшадағы b9r (садақ) сөзінің түрік-моңғол тілдеріне ауысуы, әсте, кездейсоқ емес. Көптеген тарихшылар Қытай жылнамаларында айтылатын мүркеттерді шүршіттер мен меркіттердің ата-бабалары деп есептейді [70].

Махмұт Қашқари айқаста киіп шығатын темір сауыт, қалқандардың кез келгеніне қолданылатын ортақ атауды йарық [МҚ 2-25] – деп көрсетеді. Бұл – қазіргі қазақ тілінде жарақ делінеді. Қазақ тілінде жарық сөзінің ① сәуле, нұр ② анық, айқын ③ бүтін емес, сызат түскен, шатынаған, тесік деген мағыналары басымырақ [71]. Жарықтың аталған үшінші мағынасы (jaruq)

Махмұт Қашқарида: жер, там, тау, шыны секілді заттардың не басқалардың жарығы [МҚ 2-24] – деп анықталады. Қытай тілінде сауыт сөзі жя (甲)

十 田 甲 甲 甲

делінеді. Оның ескіше жазылу үлгілері мынадай: (сол жақтағы суретке қараңыз): Қытай синологтары жя (甲) иероглифін құрымға (теріге) түскен сызат деп түсіндіреді. Оның бастапқы мағынасы: ① өсімдіктердің ұрығы бүршік жарғанда сыртында болатын қорғағыш қабаты (қауызы) деген мағынадан, кейінгі дәуірлерде жануарлардың денесіндегі қорғағыш қатты қабыршақ (тасбақа сауыты, т.б.) деген мағынаға ауысқан. ② жарақты әскер. Қауыздың жарылуы, қауашақ ашу дегендер жарылу егістігімен пара-пар. Сондықтан қытайлар йарық – сауыт сөзін терінің жарылуы, қауыздың жарылуы деген мағынамен түсінуі заңды. Бұлардың бәрі қытай тіліне көпшелі ұлыстардың тілінен енген атаулар. Оның ең ілкі тұлғасы – кереш (крест, немесе қазіргі қосу таңбасы). Тегін қусақ “мысырлықтар шыққан күнді бірінші болып көріп, айқайлаған қызыл құйрық павианды құдай санаса, үнді-еуропада қарапайым қораз мысыр павианындай құрметке бөленді, ол да

шыққан күнның тәжісіне, өмір мен тәнге жан бітірудің символына айналды. Бұл үрдіс ежелгі қораз – күн көзінен тұтанған оттың жаңа белгісі “ашамай” (крест) пайда болғанға дейін жалғасты [4, 58]. Аталған иероглифтің (甲) ежелгі дыбысталуы – kear, ерте орта ғасырдағы дыбысталуы – kar, таяу заманғы дыбысталуы – kia, қазіргі дыбысталуы – t.ia, Оның қытай диалектілерінде kat (нәнчаң), kar (қыжя), kah (фужоу) деген үлгілері де бар. «ДТС» авторлары түрікше “қап” сөзін ескі қытайшадағы “жя” дегеннен келген деп анықтама беруіне де аталған иероглифтің байырғы оқылуы мұрындық болған. Десе де ескі түрікшеде “ыдыс”, “қап” сөзінің қа (сұйық заттар құятын ыдыс-аяққа қолданылады) түрінде де айтылатындығын [МҚ 3-290] ескерген жөн.



Демек, “сауыт” сөзі де қорғағыш қап [72].

Ежелгі қытайлар садақ сөзін мынадай иероглифтермен бейнелейді (алдыңғы беттің астындағы суретке қараңыз): Иероглифтердің ежелгі дыбысталуы k#u9,, ерте орта ғасырдағы дыбысталуы k#u,, қазіргі қытай тіліндегі дыбысталуы gong.

Қытай тіліндегі армия ұғымындағы 軍 иероглифінің 軍 軍 軍 басташқы жазылымы мынадай (оң жақтағы суретке қараңыз): Мұны синологтар арбамен қоршалған жауынгерлер деп анықтайды.

Түріктер алқа қотан отырады. Түрік қағанның ордасы қағанның үйін ортаға ала, бірнеше қабат болып қоршалған ебтермен көрініс табады. Моңғол ордасының мыңдаған үйден құралатын күрен деп аталуы да осыдан. Қазақтардың киіз үйінің дөңгелек болуы, адамдардың жасына қарай отты ортаға алып дөңгелене отыруы осындай мәдени шеңбердің халқымыз санасына сіңген сан ғасырлардың таңбасы. Күрке сөзінде де дөңгелек үй деген мағыналық ая жатыр. Жюн (軍) иероглифінің ежелгі дыбысталуы – kI#w9v, ерте орта ғасырдағы дыбысталуы – kI#w9v, таяу заманғы дыбысталуы – kiu9v, қазіргі дыбысталуы – jun (t.yu), қытай диалектілерінде – kiu (қыжя), ki{n (кантон), ku, (фужоу), kun (пиямын).


Ежелгі түріктер әскербасыларды “санғұн” (сеңүн, сенгүн) деп те атаған. Қытай әскери құрамаларында бір “жюн” 4000 әскерден құралады. Сан сөзі көптеген түрік тілдерінде он мың ұғымын білдіреді (“Ізіне ерлерді ертіп бірнеше сан” («Рүстем – дастан»). “Он сан ноғай бөлгенде, Орманбет би өлгенде” деп айтылатын жырдағы “сан” сөзі он мың ұғымын білдіреді. Түріктер, сірә, санғұн деп түмендіктердің басшысын атаған. “Күн” сөзінің моңғол тілдерінде “күн” (хүн) түрінде айтылып, адам деген мағынаны аңғартуы да осыдан.

Қараноғайлар жиналмалы үлкен киіз үйін “терме” деп, кіші киіз үйін “отау” дейді. Киіз үйлі ауылды күн деп атап, оны мырза мен сұлтандар билейді [62, 176-177]. “Күн” сөзінің ауыл деген мағынасы қазақ тіліндегі


“елде-күнде жоқ” деген сөздің құрамында сақталған. Көп мағыналы ел сөзінің ескі түрікшедегі бір мағынасы – ат. Ат түріктердің қанаты болғандықтан, атты ел деп те атайды дей отырып, Махмұт Қашқари елбашы сөзінің атбағар деген ұғымды аңғартатындығын айтқан [МҚ 1-77]. Утемиш қажының «Чингиз-намесіндегі» “Әл-күнін көчүрүб ‘Іділ дәрийасының бойыңғә кәлтүр діләр” [73] деген сөзіндегі күннің мағынасы да күрен, әскер болуы керек. Қазақ әйелдері өз үйін төркін (төркүн) деп атауы да туған ауыл деген мағынадағы біріккен сөзден жасалған. Демек, ел-күн тіркесі – жорық аты мен жорықшы әскер (қытайшадағы 兵馬 атауымен дәлме-дәл келеді). Бұл атаудың тағы бір түрлі айтылымы “ерат” (жауынгер). Мұнда да “ер” және “ат” деген екі сөзден біріккен. Махмұт Қашқари төркін сөзін ұрық-шөріп, туған-туыстардың іргесін бұзбай мекендеген жері; ата-баба үйі [1-500] – деп анықтайды. Әрине, ежелгі үйсіндердегі күнби [74] деген лауазымды, ежелгі қытайлардағы ең жоғарғы билеуші мағынасын білдіретін гүң [75], ағылшын тіліндегі king (патша) [32], славян тілдеріндегі князь (кіназ) сөздерін біршоғырдан таратамыз. Мұндай терминдердің қатарына kerkündâh (алан билеушісі), kütigîn-i Lebân (Лебан патшасы), kürtigîn (тоғыз оғыз қағанының лауазымы), күнде (Іле қазақтарындағы лауазым), күнде (мажар қағаны) [76], хүнд (зілдей, абырой, атқоспы деген мағыналарда жұмсалатын моңғол сөзі) [77] сөздерін толықтырамыз. Моңғолшадағы гүн сөзінде ①гүң (манжу-чиң үкіметінің ең жоғарғы төрт лауазымының бірі – gung, 公) ②шахта, орда, ошақ ③дақ, теңбіл, таңба, із ④қалың ну ⑤шебер, мәнерлі, т.с.с. мағыналары бар. Гүң лауазымын манжу билігі тұсында Қытай қазақтары да қабылдаған. “Күн” сөзінің елбасы ұғымында жұмсалуын “нарт” сөзінің бастық, қолбасы, әскербасы, би ұғымында жұмсалуымен дәлелдеуге болады [78].



Оқ сөзінің ескі түрік тілінде оқ, уық деген мағынасынан тыс, “жер және басқа мүліктерді бөліскенде тиетін үлес (a,ar bir oq tegdi – оған бір үлес тиді)” [МҚ 1-66], яғни енші деген мағынасы да бар. Қазақтағы “орғаншыға оқ тимейді, оқ тисе де боқ тимейді” – деген мақал да енші сөзінің оқ болып айтылуын дәлелдейді. Сөздің осы соңғы аталған ауыспалы мағынасы түріктердегі ру-тайпаларға бөлуде оқ үлестіру салтымен тығыз қатысты. Оқ ұғымындағы манжуша піңи [79], моңғолша сум [80] сөздерінен де рулық құрылым, әскери бөлім деген ауыспалы мағыналар өрбіген. Бұл жөнінде Қытай жылнамашылары мынадай дерек хаттаған: “Ыпбара Теліш қаған жыңгуанның 9 жылы (635) сарайға қыз айттыру туралы өтініш қойып, тартуға 500 жылқы айдатты. Сарай оған мол сый-сияпат көрсетіп, көңілін аулаған болса да, қыз беру жөнінде келісім бермеді. Көп ұзамай оның елі он ұлысқа бөлініп кетті. Әр ұлысқа бірден билеуші тағайындалып, бұлар он шад деп аталды. Әрбір шадқа бірден оқ берілді, сол себепті Он оқ деп те аталды. Он оқ өз ішінде сол және оң қанатқа бөлініп, әр қанатқа бестен оқ берілді. Сол қанат Бес түрік (бес дулу) ұлысы делініп, бес тай чор қойылды. Чорлар

бір-бір оқты басқарды. Оң қанат Бес нұшбе (бес нушыби) аталып, бес тай іркін қойылды. Іркіндер бір-бір оқты басқарды, бұлар жалшы Он оқ делінді. Осыдан кейін бір оқ бір ұлыс аталды. Үлкен оқбасылар ағамаң деп аталды. Бес түрік ұлысы Сұябтың шығысына, Бес нұшбе ұлысы Сұябтың батысына ірге тепті. Бұлар Он оқ бодұн деп аталды” [15, 190]. Мұндай деректер «Оғызнаме» эпосында да бар [81].

Қытайша хат-хабар деген мағынадағы 函 иероглифінің сауыт-сүйек жазуындағы көрінісі қорамсақтағы [82] жалғыз оқ больш келеді (төмендегі суретке қараңыз). Сөйтіп,  иероглифтің бастапқы мағынасын синологтар “қорамсақ, одан кейінгі мағыналары хатқалта, хат” деп түсіндіреді [83]. Мұнда түріктердегі “алтын ұшты жебе мен балауыз мөрді куәлік ретінде пайдаланады” [15, 30] деген тарихи астар ескерілмеген. Қытай жылнамаларында Сүй әулетінің патшасы Сүй Яңдидың Батыс түріктің Чори қағанын биліктен тайдыру үшін Шағырдың елшісіне құпия міндет тапсыруы былай баяндалады: “... Чориға жазалау жорығын жасауды бұйыратындығын, қыз беру ісі сосын пешілетіндігін айтты. Соңынан патша Шағырға берген сыйым деп ақ қанатты бамбук жебені алды да, елшіге: ‘Бұл іс осы ұшқыр жебедей неғұрлым пашпаң бітетін болсын’ деді. Елшінің қайтарда Чоридың жерімен жүруіне тура келді. Жебеге қызығып оны алыш қалғысы келген Чоридан елші айласын асырып құтылды. Шағыр бұл хабарға төтенше қуанды. Сонан Чориға әскерімен барып тұтқиыл шабуылдады” [15, 83-84].


Міне мұнан тіліміздегі “жебеу” сөзінің астарында алтын ұшты жебе ұсыну тәсілімен одақтас, жақтас болу тілегін аңғартатындығын шамалаймыз. Демек, қытай иероглифі көрсеткен қорамсақтағы жалғыз оқ осындай сенімнің, хат-хабардың белгісі. Ол әсте қорамсақ, хатқалта ұғымының аясымен шектелмеген. Бұл – оның ауыспалы мағынасы. Бұл атаудың жасалуына шаман бақсыларының “қам” атануы да қатысты болуы мүмкін. Қамдар – көктегі төңірлер мен жердегі адамдардың арасын жалғайтын елші, хабаршы. Бақсы, қам атауын йұғырлар қазір де елші (ельчы, ehldzi) дейді. 函 иероглифінің ежелгі дыбысталуы Ф9ц, ерте орта ғасырдағы дыбысталуы – Ф}ц, қазіргі дыбысталуы – han, қытай диалектілеріндегі дыбысталуы – ham (кыжя), h{m (кантон), ha, (фужоу), ham (шямын). Түрік халықтарында ант беріш андаласқанда бір-біріне жебе сыйлау салты бар, ал моңғолдарда анттасқанда жебе сындырысады.

Ежелгі қытайлар оқты жасалуына қарай 矢 (бамбуктан жасалған) немесе 箭 (ағаштан жасалған оқ) деп бөлген. 矢  иероглифінің сауыт-сүйек жазуындағы үлгілері мына суреттегідей (оң жақтағы суретке қараңыз): Оның серт деген мағынасы да бар [84].

Күннің шартты таңбасы есептелетін оргасында ноқаты бар шеңберді қазақ тайпалары көз таңба деп атайды. Көз ежелгі қытайшада (сол жақтағы  суретке қараңыз), ежелгі крит жазуларында  (оң жақтағы суретке қараңыз) көздің суреті арқылы (кіршігі, жанары және көз ұясы) бейнеленетіні мәлім. Қазақтар күнді күллі тіршіліктің көзі деп санайды. Мысыр, қытай иероглифтеріндегі оргасында ноқаты бар шеңбер көз иероглифінің ықпam тұлғасы есептелінуі керек.

Олжас Сүлейменов өзінің «Аз и Я» кітабында: “Жер – ‘йер’ қадым дәуірлерде халықаралық атау болған, өйткені ол сол күйінде семит, герман және түрік тілдерінде сақталып қалды. Олардың бәрі алғашқы бір нүктеден басталғанымен, түшнұсқасы ешбір қосымшасыз таза күйінде тек түрік тілдерінде ғана сақталып қалған: йер – жер [4, 202].

Күн сөзі де жер сөзі тәрізді халықаралық атау болған. Ол таза күйінде түрік тілдерінде сақталған. Татарлар күн сөзін кин, кен деп те айтады. Кин, күн нұсқалары Америка құрылығындағы үндіс тайпаларының тілінде де таза күйінде сақталған. Татарлар мен майялар да бірінші айды япкин, төртінші айды яп [85] дейді. Кен (ген) сөзі ескі түрік тілінде жұлдыз деген мағынаны білдіретіндігін Жетіқарақшы жұлдыздар шоғырының ескі түрікше йетіген (jetigän, jetikän) аталуынан байқау қиын емес. Жетіқарақшыны моңғолдар “долоон бурхан” (жеті бурхан), манжулар “nadan usiha” (жеті жұлдыз), алтайлар “жеті хан” [86], татарлар “джихан”, қырғыздар “жетіген”, тувалар “жеті ұрған”, хакастар “тедкар” [87] дейді. Қазақ тіліндегі жетіқарақшы деген атаудың құрамындағы қарақшы сөзі, сірә, ескі түрік тіліндегі “қарак” (қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы қарак, жанар) сөзінен келген.

Ежелгі қытайлар көру, шолу деген сөзді кән (看) дейді.  Иероглиф (оң жақтағы суретке қараңыз) қол мен көз таңбаларының бірігуінен жасалған. Мағынасы – күн салып қарау. 看 иероглифінің ежелгі дыбысталуы – khaп (k’an), ерте орта ғасырдағы дыбысталуы – khAn (k’An), қазіргі дыбысталуы – khaп, ал қытай диалектілерінде – khO (сужоу), khon (нәнчан), kh<n (кыжя), k<n (кантон). Ежелгі қытай тілінде кірме сөздердегі “p” көбінесе “n” арқылы бейнеленеді. Сондықтан қазіргі қытай тіліндегі “кән” иероглифінің бастапқы тұлғасы түрік тілдеріндегі “көр” сөзімен қатысты дей аламыз. “Кән” иероглифінің қытай диалектілерінде “кө”, “көн” болып дыбысталуы да түрік тілдеріндегі күн сөзінің кү, кө түбірінен жасалғанын тағы бір қырынан дәлелдейді. Ескі түрікшеде “кү” сөзінің атақ, дақ деген мағынасы бар [МҚ 3-291]. Атақты, дақты, көрнекті деген сөздер ескі түрікшеде күлүк делінеді. Міне мұнан да кү түбірінде көріну, көру мағыналарының басымдығы аңғарылады.

Дара буынды сөздер

Күн, кен, кін, көн сөздерінің әу бастағы шығу тегі бір бола тұра, сананың даму үрдісі сапалық деңгейдің өсуімен тілдік сұранысқа сай өз алдына дербес мағына үстелген. Бұл өзгерістерді көне түрік және қазіргі йұғыр сөздерінің төмендегі салыстырмалы кестесінен айқын көреміз:

	кен	кін	күн	көн
түрік	ken	kin	kun	kön
мағынасы	қала	кіндік, әйелдердің ағзасы	күн	жану, тұтану
йұғыр	кен (кең)	кінес (кенес)	кун, құн	көн
мағынасы	кең	кеңес	күн	көне

Әрине, жай көзге күн мен көн сөзінде ешбір мағыналық жақындық жоқтай сезіледі. Ескі түрікшеде көн (жану, тұтану) етістігі күн нұрынан, жаратылыстағы найзағай тәріздес аспан оттарынан тұтанған от, ал йұғыршадағы көн (көне), өзге түрік тілдеріндегі көн (былғары) ұғымдары шығи теріні күнге қақтау деген мағыналық аядан хабар береді. Алдыңғы ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы реформаға дейін қазақ жазуында (руналық, арабтық) ү мен ө-ге, ұ мен о-ға бір ғана таңба беру дәстүрі сақталған. Сондықтанда түрік халықтарының тілінде осы аталған әріштердің ауысуымен айырмаланатын қыруар сөздер кезігеді (қол – құл, оғұл – ұғұл, т.б.).

Махмұт Қашқари шығысқа қоныстанған тайпалардың тілінде “кент” сөзінің “кен” түрінде айтылатындығын діттей отырып, атауды парсы тілінен ауысқан дейді. Түрік тілдеріндегі топонимдерде қала мағынасын білдіретін кен сөзінің қан (Сарқан), ген (Үзген), қант (Самарқант) тұлғалары да кезігеді. Ескі түрікшеде қорған (qoǵʻan) [ДТС 544] түрінде де айтылатын бекінісжайлар мен мола сөзі қорған, құрған болып та айтыла береді. “Қор” сөзінің қору, қорғау екенін жоғарыда айтқанбыз. Ендепе қорған сөзінің жасалуын қорғаныс қамалы (қаласы) деп ұғамыз. Белгілі мәдениеттанушы, журналист Ясиын Құмарұлы кен сөзінің төркінін ескі қытай тіліндегі 京 (北京 – солтүстік астана, 南京 – оңтүстік астана, 东京 – шығыс астана) иероглифінен іздейді [88].

“Кең” сөзі қазіргі қазақ тілінде мөлшерден тыс мол, тар емес; көлемді, аумақты, үлкең, ұшан-теңіз, ұшы-қиыры жоқ, шексіз-шетсіз деген мағына береді. Кең түбірінен ескі түрік тілінде кеңес (тайыз), кеңеш (кеңес), кеңе (кеңес беру, ақыл айту) сөздері мен қазіргі қазақ тілінде кеңіс (ашық жер, бос орын, ауыспалы мағынада кеңшілік, еркіндік), кеңістік, кеңес сөздері жасалған. Кен шумер және йұғыр тілдерінде кең деген мағынада.

Шумершедегі “есік” сөзі еш түрінде таңбалады да, түрік тілдерінде ешпек болып айтылады. “Уг-кен” сөзінің шумерше мағынасы жиналыс (сөзбе-сөз баламасы “кеңейген ру” [4. 224]. Қалайда күнге табыну үшін жер бетінен күн бейнесінде шеңберлей салынатын тасаттық тұғырлары, қасиетті аруақтар үшін жасалатын күн қорымдар тек қана тасаттық рәсімін өтеу үшін ғана емес, дүйім жұрт жиналған осындай думанда ұлыстың ұлы істерін ақылдасатын алқалы кеңестер өткізуімен де аса маңызды саналады. Міне осындай киелі орындар “кен” немесе “кең” аталуы әбден мүмкін. Қытай тіліндегі 京 иероглифінің бастапқы мағынасы: адам күшімен аса биік етіп үйілген төмпешік, төбе; зат есім ретінде қолданылған тұстарда астық қоймасы, ал сын есім түрінде биік, асқақ. Елорданы атау осы соңғы асқақ мағынасынан шыққан [89]. Мұндай алып топырақ төбелер тектен тек үйілмейді. Онда қашанда алқалы кеңестер өтеді. Билеушілердің ордасы да осындай орталарға қонады. Иероглифтің астана атануы да осыдан. “Күн” сөзінің тағы бір түрлі айтылуы күл (Күлтегін, Күлтөбе) болуы мүмкін. Түркістан қаласындағы хандар мен билердің алқалы кеңестерінің куәгері болған қасиетті Күлтөбе атауына осы тұрғыдан қараған жөн. 京 иероглифінің ежелгі оқылуы kīa., ерте орта ғасырдағы оқылуы kī{., таяу заманғы оқылуы kīa., қазіргі оқылуы t.i. (жиң), қытай диалектілеріндегі оқылуы kīn (қыжа), kī, (кантон).

Қазіргі орыс тіліндегі дискуссия (шікірсайыс, шікірталас), дискуссировать (шікірсайыстыру), дискутировать (шікірлесу, айтысу) сөздері латын тілінде “шеңбер” деген мағынаны беретін дискус сөзінен жасалған. Міне мұнан да “кеңес” сөзінде алқа қотан отырып мәжіліс құру деген мағыналық аяның басым екендігін аңғарамыз.

Адамзат өзінің балаң дәуірінде анаға табынған. Сондықтан да аналық қауым аталық қауымнан бұрын өмірге келген. Дүние жүзіндегі көптеген халықтар күннің шартты таңбасын ананың кемелдік сипаты саналатын омыраудың суретімен сипаттайды. Ұлы даланың төсіндегі аңырастардан біз міне осындай кемел таңбаларды молынан жолықтырамыз. Мұндағы басты себеп жер ананың күн нұрынан жүкті болып, күллі жан-жануарды асырауымен үндеседі.

Ескі түрік тіліндегі және қазіргі тува тіліндегі “кін” сөзі әйелдік ағзаның атауы (тылақ) болып айтылса, одан туындаған кіндік сөзінде адам тәнінің орталығы деген мағына бар. Демек, түрік сөздері байырғы түріктердің «iki jyltyz» (екі негіз) деп аталатын дүниетанымымен ұштасып жатыр. Қазір бұл философиялық қос ұғымның аталық бұтағын «амал», аналық бұтағын «білік» деп атаушылар бар [90]. Үнді-еуропа тілдерінде сөздер текке (родқа) бөлінеді. Аса бір қызықты жағдай, Оңтүстік Үндістан жеріндегі тайпаларда родтың жоғары деңгейлі (адам мен тәңір секілді парасат иелеріне қатысты сөздер), төмен деңгейлі (хайуанаттарға қатысты сөздер) түрлері [91] болған.

Түрік тілдерінде род айырмасы жоқ. Ескі түрік руна жазуларында сөздер жан мен тән, амал мен білік негізінде жасалады және жазылады. Жан деп аталатын екіден жұптасқан сегіз дауысты дыбыс тән деп аталатын жуан дауыссыз және жіңішке дауыссыз дыбыстардың, сондай-ақ буындық таңбалар мен қауыштырушы таңбалардың қатысуымен жаңа сөздер жасайды [90, 29]. Жоғарыдағы кестедегі сөздердің амалдық жүйеммен жасалған тұлғалары төмендегідей:

	қан	қын	құн	қон
түрік	qan	qin	qun	qon
мағынасы	қан, хан	қын, азап	талау	төс, кеуде, омырау
йұғыр	қан	қын		қон (қун, хон)
мағынасы	қан, хан, тәңір	азап, әулет, жұрағат, қын		қону, түнеу

Егер ескі түрікшедегі “кен” сөзі қала, астана ұғымын аңғартса, “қан” сөзінде сол астананың әмірі, ел-күннің билеушісі хан деген мағына басым. Ал йұғырлар “тәңір” сөзін де “қан” деп атайды. “Қан” сөзінің қазақша мағыналары ішіндегі қан базар сөзінде айрықша мән жатыр (қан базар – байырғы жиһангездердің жиі айтатын құн қаласы емес пе екен!). “Кін” – әйелдік ағзаны білдірсе, “қын” – пышаққап деген мағынасымен үйлесім табады. Ал онан туындаған “қынап” сөзінде екі мағына бар: біріншісі, қылыштың қабы; екіншісі, сүт қоректілердің ұрғашыларындағы жыныс жолының алғы қуысы. Йұғыр тіліндегі “қын” сөзінің әулет, жұрағат, ұрпақ мағыналарын аңғартуы кін мен қын сөздерінің жасалу жолындағы көмескі сырды аша түседі. “Құн” сөзінің ілкі мағынасы тәңірге тасаттық үшін шалынатын құрбан, алынатын алық болуы мүмкін. Сондықтан да ескі түрікшеде бұлау, талау мағынасы басым да, қазіргі қазақ тілінде кісі өлтірген айышкер немесе оның руы тарапынан мал басымен төленетін төлем, алым ұғымына көшкен. Түріктермен тілдік, тектік төркіні өте жақын моңғол, қалмақ, бурят халықтарының тілінде құн сөзі кісі, адам деген мағынада жұмсалады. Көн сөзінің мағынасы жану, тұтану болса, оның дублеті қонға төс, кеуде, омырау ұғымы жүктелген. Оның қону, қонақтау деген мағыналары барлық түрік тілдерінде бар. Төс пен қону сөзінің аражігі қазіргі оқырманға аса күңгірт. Деседе шаңырағына киелі төстерін іліп қоятын байырғы көпшелілер үшін тәңірдің кемел сипатының, рухының адам бойына қонуы аса киелі саналған. Тәңір мен адам арасын жалғаушы елшілер (қамдар, бақсылар) – міне осындай киелі рух қонушылар.

Ескі түрікшедегі “таң” сөзінде мынадай бірнеше мағына бар: бірінші, елек; екінші, таңданыс, ғажаптану; үшінші, таң, таң атар шақ; төртінші,

ескі жұрт [МҚ 3-478-480]. Махмұт Қашқари: “Күдай ұрғыр кәшірлер аспанды тәңірі дейді. Олар көздеріне зор көрінген нәрсенің бәрін мәселен, биік тау, биік ағаштарды да тәңірі дейді. Өйткені сондай нәрселерге табынады [МҚ 3-505]” – деп исламға сенбейтін түріктердің табиғатын ашып көрсетеді. Бұл дәйексөзде үлкен бір сыр жатқандай. “Таң” сөзі йұғыр тілінде “даң” болып айтылады да, бірнеше мағынадан тұрады. Бірінші, пұғыла (da, aht – таң ат, da, aht9p dro – таң атышты, da, t6olvan – таң шолшаны); екінші, сұлу, көркем (da, kembeb – көркем кембеп); үшінші, думанды. “Таң” сөзінің ең ілкі мағынасы “күн” болуы мүмкін.

“Кү” түбірінен жасалған “күлүк” сөзінде атақты, дақты, көркекті деген мағынасының бар екендігін жоғарыда айтқанбыз. Ендеше “таң” сөзінің фонетикалық дублеті саналатын “даң” сөзінде де даңқ, атақ (мысалы, жақсының әр атаға шығар даңы, сөзімнің қисық сөйлеп келмес мәні [92]) деген мағынасы бар.

Күннің шартты таңбасы саналатын шеңбер ішіндегі бесжұлдыз күнге табынушы алғашқы діни нанымның белгісі ретінде көптеген халықтардың ілкі мәдениетіне өзінің өшпес ізін қалдырған. Иранның бемшур мәдениетіне тән керамикалық өрнектерінде де мынадай кескін бар [93] (оң жақтағы суретке қараңыз).



Дала өркениеті - Ежелгі Шығыс өркениеті мен Батыс өркениетінің тоғыстырушысы. Дала өркениетінің мұрагері болған қазақ халқы өзінің сан ғасырлық тарихында күнге сыйыну, көк тәңірін ардақтау дәстүрін ұмытпаған. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Көк туында Күннің, ал Елтаңбасында Жұлдыздың көрініс табуы халқымыздың осы рухани сұранысынан туындаған.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ТҮСІНІКТЕР

1. Осы мақаладағы ежелгі Қытайдағы сауыт-сүйек жазуларының үлгілері көрсетілген суреттер 王本兴编:《甲骨文小字典》, 文物出版社, 北京, 2006年 және《古代汉语字典》, 商务印书馆, 北京, 2005年 атты кітаптардан алынды. Әр топтағы көрсетілген иероглиф үлгілерінің ең соңғысы қазіргі қытай тілінің майда иероглифтерін көрсетеді. Қытай иероглифтерінің ескіше оқылуы 郭锡良:《字古音手册》, 北京大学出版社, 李珍华 周长楫:《汉字古今音表》(修订本), 中华书局, 1999年 деген кітаптардан алынды.
2. Қытай тілінде дәй иероглифінің қатысуымен дәйуаң (大王), дәйфу (大夫), тәй иероглифінің қатысуымен тәйгүң (太公), тәйхоу (太后), тәйзы (太子) тәрізді мүзәлім-лауазымдар жасалады. Ежелгі қытайлық “дажяңжюн” (大将军) деген лауазым ескі түрік тіліндегі мұрағаттарда тай сенүн түрінде хатталған. Қытай синологтарында жяңжюн атауы ескі түріктерге сіңген қытайлық атау деп қарайтындармен қатар, қытай тіліне солтүстіктегі далалық тайпалардың (ғұндардың) тілінен енуі мүмкін дейтіндер де бар.
3. 崇羲 王心怡编《商周图形文字编》, 文物出版社, 46-53页.

4. Сүлейменов Олжас: «Аз и Я» (ауд. Сәбетқазы Ақатаев), Алматы, Жазушы, 1992, 229 бет.
5. «Древнетюркский словарь» («ДТС», изд. «Наука», Ленинград, 1966, ескі түрікше жазылған «Балнамадағы» («İgic bitig») tä,ri bulittü boltı (күн бүлтты болды), toıan quş tä,riden qodı (сұңқар аспаннан шүйілді) деген мысалға қараңыз. Моңғолшада тэнгэр үүлтэх – күн бүлттай бастау, тэнгэр ниргэх – күн шатырлау. Ескі түрік тілінің сөздігінен (ДТС) алынған мысалдар төмендегі мәтін арасында бет нөмірімен көрсетіледі.
6. Ежелгі түрікшеде: aj tänrı, jasın tänrı, jel tänrı, kün tänrı («ДТС», изд. «Наука», Ленинград, 1966, 544 бет.), моңғолшада: хар зүгийн тэнгэр – (шаман-буддалық нанымда) қара ниет тәңір (қара періште), цагаан зүгийн тэнгэр – (шаман-буддалық нанымда) ақ ниетті тәңір (жарылқағыш тәңір, ақ періште) («Моңғолша-қазақша сөздік» 495 бет), Хантәңір (Қазақстан мен Қытайдың шекарасындағы Тянь-шанның биік шыңы) деген мысалдарға қараңыз. Хан тәңір сөзі өзге түрік тілдерінде қан деңір (йұғыр), қан тегір (сағай), қантегірі (тува) түрлерімен жолығады («Язык желтых уйгуров», 117 бет).
7. Малов С. Е.: «Язык желтых уйгуров», словарь и грамматика, изд. Академии наук Казахской ССР, Алматы, 1957; 雷选春编著: «西部裕固汉语词典» 四川民族出版社, 1992年, 成都. Сарыұйғыр (йұғыр) тілінің мысалдары аталған екі еңбектен алынды.
8. «古代汉语字典», 商务印书馆, 北京, 2005年, 582页; «古代汉语词典», 商务印书馆, 北京, 2002年, 1137页.
9. Радлов В.В. Из Сибири. М., 1989. С. 137-142; «Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы» атты дөңгелек үстелдің материалдарына енген Аманқос Мектеп-тегінің «Таңбатану ілімі және ұлттық идея» мақаласына, Астана, 2004, 85 бет.
10. Хакас тілінде төс сөзінің екі мағынасы бар; бірінші, төс, кеуде, көкірек; екінші, рух. Мысалы, арығ төстер – чистые духи (қорғаушы періштелер), хара төстер – нечистые, злые духи (жын-шайтандар). Қазақтар теміршінің төсін аса киелі санайды, оған тәу етеді. Төсті керу – рухты жүру деген мағынаны да білдіреді.
11. «Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы» атты дөңгелек үстелдің материалдарына енген Аманқос Мектеп-тегінің «Таңбатану ілімі және ұлттық идея» мақаласына, Астана, 2004, 86 бет.
12. Добұн мергеннің жесірі Алун-гуа (Алун сұлу, Алаң сұлу, Аланқо) таң сәриде түндіктен түскен жарықтан жүкті болады («Моңғолдың құпия шежіресі», Мағауия Сұлганиәулы аудармасы, Өлгий, 1979, 25 бет; «Алтын шежіре», Абай Мауқараұлы аудармасы, Алматы, Өнер баспасы, 1998, 16 бет; «Түрік шежіресі», Әбілқасым Бабаш Әбілқасымұлы аудармасы, Алматы, Ана тілі, 2006, 50 бет; «Юан тарихы» 1-ші бума 1-ші билік баян Тәйзу Шыңғыс қаған, Кәкеш Қайыржанұлы аудармасы, «Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 3-ші кітап сараптамалық нұсқасы).
13. 户晓辉: «岩画与生殖巫术», 新疆美术摄影出版社, 乌鲁木齐, 1993年, 107页.
14. Қаңға (高车) этноним жөнінде: «Уейнаманың» 103-ші бума 91-ші баянында: “Қаңға (高车) – ежелгі Қызыл тиектің (赤狄) жұрнағы. Басында олар Деглек (狄历die#k lie#k) деген атпен аталды. Солтүстікте оларды теглек (t’iә#k lә#k 刺勒), хуашялықтар қаңға, деңлең (tie, lie, 丁零) деп санайды. Олардың тілі азырақ айырмашылығы болғанымен ғұндарға ұқсайды” деп анықтама берген. Ескі түрік тілінде арбаның үлкені қаңға, кішісі қаңлы деп аталады. Иероглифтер ежелгі қытай тілінде “kau kiA немесе k<y kiA” болып дыбытталады. Сірә, Қытай авторлары үлкен арба деген мағынадағы “қаңға” сөзін әрі дыбыстық әрі мағыналық тұрғыдан түсініп транскрипциялаған болар. Мұны мажар тіліндегі kocsi (арба) сөзімен байланыстыра зерттейтіндер де бар. Бұрынғы зерттеулерде көбінесе Н.Я. Бичурин заманынан келе жатқан үрдіс бойынша Гаугюй деп транскрипцияланған. Қаңғалардың батысқа көшкен топтарын қазақтың қаңлы тайпасымен қатысты деген көзқарастар да айтылады (Ш. Ахметұлы: «Ұлы

- түрік қағанаты», Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2006, 480 бет, №48 түсініктен).
15. Ахметұлы Ш.: «Ұлы түрік қағанаты», Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2006, 316 бет.
16. Чын Зунжың, Нүрбек Әбікенұлы, т.б.: «Жұңго түрік тілдерінің салыстырмалы сөздігі», Ұлттар баспасы, Бейжиң, 1990, 322-323 беттер.
17. Тәнишев Э.: «突厥语言研究导论» 陈鹏译, 中国社会科学出版社, 1981年, 265页.
18. Махмұт Қашқари: “Түрік сөздігі», Хант баспасы, 3-32 бет. Төменде Махмұт Қашқари сөздігінен (МҚС) алынған дәйексөздерде бет нөмірін ғана көрсетеміз.
19. Жақ – ағаш садақ. Сырт түрі малдың жақ сүйегіне ұқсайды. Жебесі алысқа ұшатындықтан, кейде “жай” деп те атайды. Көлемі садақтың басқа түрлерінен үлкен және серпер ағашы жуан болып келеді. Оның садақша иілген жағын сірі таспамен орап қаптайды. «Қазақстан Ұлттық энциклопедия» 3-477 бет.
20. Ахметжанов Қ. С. «Жараған темір кигендер», Дәуір баспасы, Алматы, 1996, 49 бет.
21. Арбалетка жен. франц. лук с прикладом и прицелом, самострел. Арбалетный, арбалетовый, арбалетковый приклад. Арбалетная стрельба. Арбалетчик м. кто делает или носит оружие это. Арбалет м. Ист. Садақ сияқты ескі ату қаруының бір түрі (Русско-казахский словарь Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Алматы Дейк-пресс 2005
22. Су Бейхэй: «Шыңжаң петроглифтері», қытайша, Шыңжаң әсемөнер-фотосурет баспасы, 1994, 192 (Баркөл ауданында) және 233 (Мори ауданында) беттердегі суреттер; З. Самашев, Ж. Жетібаев: «Қазақ петроглифтері», Алматы, 2005, Иль-тех-Кітап, 46 бет; Ахметжанов Қ.С.: «Жараған темір кигендер», Дәуір баспасы, Алматы, 1996, 50, 55, 58-беттер.
23. Edward Tylor: «Primitive Culture» («原始文明»), 连树声译, 广西师范大学出版社, 2005年, 38页. Шри-ланкалық Veddas (vedas, veddhas) руының жақ көтерген адамының суретіне қараңыз.
24. 孟慧英: «中国北方民族萨满教», 社会科学文献出版社 2004年, 83 页.
25. Йұғыр тілінде ohq – садақтың және мылтықтың оғы, ohGija - садақ, ohq-ja – садақтың оғы және садақ, ja – садақ. Бұдан тыс йұғыр ауыз әдебиетінде ohq sawutaq сөзінің бірігуінен де оқ-садақ ұғымы қалыптасқан.
26. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», ҚазССР FA Тіл білімі институты, ШХБ, Үрімжі, 1991, 8 том.
27. «Сүйнама». 51-ші бума. 16-шы ғұмырнама. Жаңсун Шың «Ұлы түрік қағанаты», 42 бет.
28. Моңғол тілінде саадаг сөзінің мынадай мағыналары бар: қорамсақ (саадаг агсах – қорамсақ асыну), саулы (саадаг үнээ – саулы сиыр), қап (саадаг алчуур – шыны қап).
29. саадақ м. саадак или сагайдак, или сайдак, татарск. налучник, чехол на лук, обычно кожаный, тисненный, нередко убранный серебром, золотом, камнями, иногда шитый, бархатный. Встарь называли так и весь прибор: лук с налучником и колчан со стрелами. Сагайдачный шлях, кур. окольный? Сайдачные украшения. Сайдачник, вооруженный луком.
30. Мөмін Абдулла құрастырған «Türkçe-uugurçe lugat» Ұлттар баспасы, Бейжиң, 1989.
31. Қазақ тілінің сөздігі, Алматы, «ҚТС», 1999, 555 бет.
32. Олжас Сулейменов: «Тюрки в доистории о происхождении древнетюркских языков и письменностей», Алматы, «Ата мұра», 2002, 283 бет.
33. 段石羽: «汉字中的中国古代哲学思想», 新疆人民出版社, 2006年, 129 页.
34. Niu Ruji: «A new study on the origin of the old Turkic script» деген мақаласында аталған таңбаларды ант (ant), анта (anta), нт (nt) деген пайымын ортаға қойған. Қараңыз: 李祥瑞 牛汝极主编: «阿尔泰学论丛» 第一辑, 新疆大学出版社163页.
35. Istrin V.A. «文字的发展», 杜松寿译, 文字改革出版社, 1966年, 北京, 108-111页.
36. Хакас тілдері тобында сөз басында басқа түрік тілдерінде қолданылатын й-ж-дж-д-с дыбыстарының орнына ч не н, н (н орфография бойынша) қолданылады. Чыл (басқа тілдерде: жыл – джыл – дыл – сыл), нанмыр (басқа тілдерде: жаңбыр – йағмыр – йамғыр). Қараңыз: Ә. Қайдаров, М. Оразов: «Түркологияға кіріспе», Алматы, Мектеп баспасы, 1985, 138 бет.

37. Составили Н.А. Баскаков и А.И. Инкижекова-Грекул: «Хакасско-русский словарь» под редакцией Н.А. Баскаков, Москва, 1953.
38. Қалқа моңғолшасының мысалдары мына сөздіктен алынды: Б. Базылхан: «Қазақша-моңғолша сөздік», Ұланбатыр, 1977; Б. Базылхан: «Монгол-казах толь», Өлгий, 1984; «新蒙汉词典» («Шинэ монгол-хятад толь»), 商务印书馆, 北京, 2002年.
39. Черных П. Я. Историко-этимологический словарь современного русского языка. Москва, изд. «Русский язык», 2001, 2-471 бет.
40. Қазақ тіліндегі жаз сөзінің мынадай варианттары бар: йай – жаз (азербайжан), йаз – көктем (байырғы ұйғыр), жаш – көктем (қырғыз), йаш – жаз (өзбек).
41. Дүйсен С., Яван К. Түркі тілінің толық жүйеленген ережелер жинағы жазба ескерткіші, Түркістан, 2004, 141-бет.
42. Сүлейменов О. Тюрки в доистории о происхождении древнетюркских языков и письменностей, Алматы, Ата мұра» 2002, 305 бет; Кәримуллин Ә. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы <http://kitap.net.ru/> Татарская электронная библиотека/тюркология.
43. «Қазақстан Ұлттық энциклопедия», Алматы, 2001, 3-465 бет.
44. Сүлейменов О. Тюрки в доистории о происхождении древнетюркских языков и письменностей, Алматы, Ата мұра, 2002, 44 бет. Шамандық түсінік бойынша «Жайық» қайырымды құдай Ульген мен адамдар арасында байланыс жасайтын, зұлым күш Жезтырнақ пен Эрлік ханға қарсы тұратын қайырымды рух ретінде қызмет атқарған. Ол жайындағы нанымдар Алтай халықтарында сақталған. Алтайлықтар Жайықты: «Дьайык» деп атайды (Әбжет Б. Қазақ ертегілерінде кездесетін фетиштер мен мифтік кейіпкерлер, «Түркология» журналы, №4,5,6 102 бет.). Сондықтан күн тәңірі Дай мен Жайды о баста бір түбірден тараған фонетикалық дублеттер қатарында қарастыру негізсіз емес.
45. Черных П. Я. Историко-этимологический словарь современного русского языка, 4-е издание, стереотипное, Москва, изд. Русский язык, 2001, 1-98 бет.
46. Кәримуллин Ә. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы <http://kitap.net.ru/> Татарская электронная библиотека/тюркология.
47. Әбжет Б. Қазақ ертегілерінде кездесетін фетиштер мен мифтік кейіпкерлер», «Түркология» журналы, №4, 5, 6. 102 бет.
48. Жұңғо тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер, 1-ші кітап, Ұлттар баспасы, Бейжиң, 70 бет.
49. Томанов М. «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», Алматы, Қазақ университеті баспасы, 1992, 67 бет.
50. Шойбеков Р. Мәдениеттің қалыптасуындағы этнонимдік фактор, Түркология, №3, 2006, 86-бет.
51. Түрік тілдерінде күн: бірінші, әлемге жарық, қызу беретін планета; екінші, таңның атуы мен күннің батуы арасындағы уақыт, яғни күндіз деген мағыналары бар. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», ҚазССР ҒА Тіл білімі институты, ШХБ, Үрімжі, 1991, 5-476 бет.
52. Өзге түрік тілдерінде күнәш, гүнәш болып айтылып жарық, жылу бағыштайтын планета – күн сөзін білдіретін күнәс сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы күншуақ, күнгей. Оның күн деген мағынасы жоқ. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», ҚазССР ҒА Тіл білімі институты, ШХБ, Үрімжі, 1991, 5-515 бет. Күнәс сөзі йұғыршада да күнгей деген мағынада қолданылады.
53. Сулейменов О. Тюрки в доистории о происхождении древнетюркских языков и письменностей, Алматы, «Ата мұра», 2002, 310 бет.
54. Кәримуллин Ә. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы <http://kitap.net.ru/> Татарская электронная библиотека/тюркология.
55. 王庆丰著: «满语研究», 民族出版社, 2005年, 11月, 北京.
56. Малов С. Е. Язык желтых уйгуров (словарь и грамматика), изд. Академии наук Казахской ССР, Алматы, 1957, 71 бет.
57. Қайыржанұлы К. Сөз сандық, Шыңжаң халық баспасы, 2001, 201 бет.

58. «Қамбар батыр» жырында: “Торымына қарасып алдынан өтгі күріктің” деген жолдар бар. Мұны Б. Қыдырбекұлы өзінің «Түгел сөздің түбі бір» деген кітабында (301 бет) “сыннан өту үшін айнала тұру” деп анықтайды.
59. Қайыржанұлы К.: Сөз сандық, Шыңжаң халық баспасы, 2001, 16 бет.
67. Черных П. Я. «Историко-этимологический словарь современного русского языка», 4-е издание, стереотипное, Москва, изд. «Русский язык», 2001, 2-232 бет.
60. Бұл жөнінде қаңғаға жасалған сілтемеге қараңыз. Телек (铁勒 *tie#t lə#k*), деглек (狄历 *tie#k lie#k*), теглек (敕勒 *t'ie#k lə#k*), деңлең (丁零 *ti, lie*).
61. Көп мағыналы бұл сөздің “белгілі бір мәселені ‘алқа-қотан отырып’, мәжіліс құрып, кеңесіп отырып шешу” деген мағынасы бар.
62. Бизақов С. «Түрік әлемі», Алматы, «Айкос», 1998, 84 және 206 беттері. Киисиб деп хакастар киіз үйін атайды, агасиб – ағаштан қаланған киіз үй формалас тұрғын жай, алачых – сырғауылдық ағаштан құрастырған кедей отбасылардың жаппа тәріздес күркесі.
63. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі (Қазақстан «Ғылым» баспасынан шыққан 1966 жылғы нұсқасына сай көшіріп басылған), Ұлттар баспасы, Бейжиң, 1983, 18-20 беттері.
64. Түрік тілдеріндегі ала сөзі моңғол әдеби тілінде алау, қалмақ тілінде алу, буряд тілінде алаг, дағұр тілінде ала:у. Алтаночирдың «Түрік-моңғол тілдеріндегі жылқы, сиыр атаулары жөніндегі талдаулар» деген мақаласына қараңыз. 李祥瑞 牛汝极主编: «阿尔泰学论丛» 第一辑, 新疆大学出版社58页.
65. Қытай жылнамаларында алайонглы (馱马 *баспа-бас* аудармасы ала жылқылылар. Біз алайонглылар деген атаумен баламаладық), пелер (弊刺 *bì cì lǎ t*), қалаш (暹罗支 *kAt lA tie* Э-ложы) болып хатталған. («Жұңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 2-ші кітап, Ұлттар баспасы, Бейжиң, 2003, 628 бет.)
66. «Таңнама» 217 бума (2) 142 баян (2) ұйғыр (2). «Жұңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер», 2-ші кітап, Ұлттар баспасы, Бейжиң, 2003, 628 бет.
67. Махмұт Қашқари: «Түрік сөздігі», 1-57 бет. Арғұ тіліндегі қон (моңғолшада хонь, манжушада honin) болып айтылатын қой сөзінен қоныс мағынасындағы қон сөзін атауға болады.
68. Мерген сөзінің түрік тілдерінде *мәруғ* (қазақ, қырғыз), *м;ру;v* (ұйғыр), *мәру;v* (өзбек, татар, тува), *мирген* (хакас) деген тұлғалары бар. Чын Зүңжың, Нұрбек Әбікенұлы, т.б.: «Жұңго түрік тілдерінің салыстырмалы сөздігі», Ұлттар баспасы, Пекиң, 1990, 140–141 беттер.
69. 丹碧: «新疆蒙古民间信仰历史寻踪» «卫拉特研究» (Oirat studies) 2007年第四期 31页.
70. Мүркег (鞞鞞) – ежелгі ұлыс. Мұны жапон ғалымдары түрік нәсілдес меркіттердің ата-бабасы деп қарайды. Иероглифтер арғы ерте заманда мұрғат (*muA*t FA*t*), Мүркег (*ml#wa#t kl#e#t*) деп дыбысталады. Олар юандар билеген Уей әулеті тұсында *勿吉* (*ml#wa#t kl#e#t*) деп аталған. Астанадан (қазіргі Ши-әннан) солтүстік-шығыста 6000 ли шалғайда, жерінің шығысы теңізбен, батысы түріктермен, солтүстігі шығайлармен, оңтүстігі корейлермен шектеседі («Жырма алты тарих сөздігі», жарғы-түзем бөлімі, 948 бет.) Меркіт (қазақ орта жүзінде) этнонимі меркіг, муркут (башқұрттарда), буркут (өзбектерде) деп те айтылады (Шадыман Ахметұлы: «Ұлы түрік қағанаты», Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2006, 488 бет, №102 түсініктем). Әбілғазы «Түрік шежіресінде» меркіттің мекрит түрінде де айтылатындығын жазады (Алматы, «Ана тілі», 1991, 40 бет).
71. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. ҚазССР ҒА Тіл білімі институты, ШХБ, Үрімжі, 1991, 3-1007-1008 беттер.
72. Қап сөзіне Махмұт Қашқари мынадай анықтамалар жазған: бірінші, торсық, саба; екінші, бірдененің қабы, сыртқы қабаты (орап қойған); үшінші, ана құрсағында оралып тұрған қап, төртінші, жақын туысқан. Терминнің соңғы мағынасы қабы бір қарындас дегеннен жасалған

ауыспалы мағынасы дей аламыз. Қап сөзінен қабақ (қыздық және асқабақ) атауларының жасалуы да тегін емес. Махмұт Қашқари «Түрік сөздігі», 3-204 бет.

73. Утемиш-хаджи: «Чингиз-наме», факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина, Подготовила к изданию Ю. Г. Баранова, Комментарии и указатели М. Х. Абусеитовой, «Ғылым», Алматы, 1992, 144 бет [586]. El-kün тіркесі «Күтадғұ білікте» де кездеседі.

74. Күнби – ежелгі үйсін мемлекетінің ең жоғарғы билеушісі, ол байырғы Қытай жылнамаларында 昆弥 (ku9n mīei), 昆靡 (ku9n mīa), 昆莫 (ku9n muA□k) түрінде жазылады. (Ахметұлы Ш. Ежелгі үйсін елі, Шыңжаң халық баспасы, 2005, 372 бет.

75. Қытайда біртұтас, билік орталыққа шоғырланған мемлекет қалыптасудан бұрынғы өзара жауласқан мемлекеттердің ең жоғарғы билеушілері гүң (公) деп аталған. Жауласқан мемлекеттер тұсында байырғы Қытай аумағы жеті азулы мемлекетке жіктелді де, ұсақ бектіктердің төбе билері уаң аталды. Ал Чин Шыхуаң Қытайда билік орталыққа шоғырланған мемлекеттің іргесін қалаған соң, мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі хуанди (император) аталды. Ежелгі Қытайда әр дәуірде бес, немесе тоғыз дәрежелі лауазым жүйесі орнағанда гүндар соның біріншісі болып отырды. Бұл үрдіс Манжу-чин империясының билік жүйесінде де қайталанған.

76. Dr. Ramazan Şeşen: «Islam coğrafyacılarına göre türkler ve türk ülkeleri», Ankara, 1985, kerkündâh 129 бет; kütigîn-i Lebân 35 бет; kürtigîn 79 бет; künde 35 бет.

77. Базылхан Б. «Монгол-казах толь», Өлгий, 1984, 642 бет. [日] 田山茂著: «清代蒙古社会制度», 107页 (昆都 – kyndy – huntu – күнде зәңгіден соңғы лауазым деп анақтама жасаған).

78. Мысалы: “Азаудың ер Доспамбет ағасы, Азаудың бір бұрышында нарты екен” (Доспамбет жырау).

79. Niru ①狩猎用的箭, 披箭, 矢②牛录, 佐领. 胡增益主编: «新满汉词典» («Iche manzhu nikan gisun kamchibuha buleku bithе»), 新疆人民出版社, 1994年. Манжуша сөздер аталған сөздіктен алынды.

80. Сум – ①Оқ②Моңғолияның жергілікті әкімшілік ұйымы. Бұдан тыс сум – арбаның жақтауы, сум (ан) – емен, қарағаш, суман – әскери бөлімше, рота деген мағыналары бар. Бізді емен, қарағаш деген мағынасы қызықтырады. Сірә, моңғолшадағы оқ ұғымындағы сум сөзі бастапқыда өзі жасалған ағаштың атымен аталуы мүмкін. Қазақ ауыз әдебиетінде жебелердің сабына қарай “қу жебе”, “қайың оқ”, “тобылғы сапты оқ” деген атаулары айтылады.

81. Әбілғазы: «Түрік Шежіресі», Алматы, 1991, 22-23 беттер. Оғыз қаған алтын жақты тауып алып келген соң оны бұзып (сындырып) бөліп алған Күң, Ай, Жұлдыз атты үш ұлының ұрпақтарын “Бұзықтар”, ал үш алтын оқты тауып әкелген соң оны үлестіріп алған Көк, Тау, Теңіз деген үш ұлының ұрпақтарын “Үшоқтар” деп атады.

82. Махмұт Қашқари: “Түріктердегі ясық (jasıq) сөзі оқ сауыты, жебе сауыты деген мағынаны білдіреді. Бұл сөзді оғыз бен қыпшақтар білмейді. Олар мұны құрман (qurman) дейді (МҚ 1-27 бет).” Қорамсақ ұғымындағы бұл сөздер моңғол тілінде қор (qor) делінеді. Йасық қазіргі түрік тілдерінде йасак, жасақ тұлғаларымен мәлім. Жасақтың қазіргі қазақ тілінде екі мағынасы бар: бірінші, билік иесінің төңірегіне топтасқан жауынгерлер отряды, қарулы қол; екінші, қару-жарақ (жаракты сөзін ескеріңіз).

83. «古代汉语字典», 商务印书馆, 北京, 2005年, 277 页.

84. «古代汉语字典», 商务印书馆, 北京, 2005年, 720 页.

85. Ахметов Ә. Америкалық үндістердің шығу тегіне тарихи және нәсілдік-тілдік көзқарас. «Тіл және аударма» журналы, 1997, №3, 32 бет.

86. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін, Алматы, Қазақстан баспасы, 1996, 15 бет.

87. Исақов М. Қазақтың байырғы календары, Алматы, Ана тілі баспасы, 1960, 23 бет.

88. Құмарұлы Я. Ана тілдегі ана мәдениеттің іздері, Шинжяң қоғамдық ғылымы, 2006, №, 28 бет.
89. «古代汉语字典» 商务印书馆, 北京, 2005年, 390页.
90. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы, Астана, Күлтегін баспасы, 2005, 28-бет.
91. Edward Tylor. «Primitive Culture» («原始文明»), 连树声译, 广西师范大学出版社, 2005年, 248页.
92. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, ҚазССР ҒА Тіл білімі институты, ШХБ, Үрімжі, 1991, 3-65 бет.
93. Станкевич И.Л. Керамика южной Туркмении и Ирана в бронзовом веке. «Древность и средневековые народов Средней Азии», под редакцией Б.Г. Гафурова и Б.А. Литвинского, изд. «Наука», Москва, 1978, Рис. 10. стр. 134.

REZUME
Sh. Akhmetuly (Urimzhi)
SUN - SYMBOL

The article deals with the traditions of worshipping to the sun, honouring the blue heavens. The author compares ancient Chinese, Turkic languages with modern Turkic languages in order to explain the meaning of the word “sun”.